

**Банктер, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасының 2000 жылғы 25 қарашадағы N 428 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 5 қаңтарда N 1351 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшамен жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Қоса беріліп отырған Банктер, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің арасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесін (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші

деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзімде осы қаулыны және Ережені банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ                      б а н к і

б а с қ а р м а с ы

2 0 0 0                      ж ы л ғ ы

2 5                      қ а р а ш а д а ғ ы

№ 428 қаулысымен бекітілген

**Банктер, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесі**

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **1. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Банктер, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы банктерінің (бұдан әрі – банктер) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) теңгемен корреспонденттік шоттарды ашу, жүргізу және жабу ерекшеліктерін, сондай-ақ банктер мен банктік емес ұйымдардың төлемдері мен ақша аударымдарының көлеміне белгіленген лимитті есептеу тәртібін б е л г і л е й д і .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) қарсы агент - жасалған корреспонденттік шот шартына сәйкес әріптес болып табылатын банк және/немесе банктік емес ұйым;

2) Корреспондент - басқа банк және/немесе банктік емес ұйым үшін өзінде шот ашқан банк және/немесе банктік емес ұйым (лоро-шот)

3) корреспонденттік қатынастар - банктер арасындағы, сондай-ақ банктер мен банктік емес ұйымдар арасындағы корреспонденттік шот шартында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген банк қызметін көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операциялар жасау мақсатында олардың арасында корреспонденттік шоттарды ашу кезінде пайда болатын шарттық қатынастар;

4) Респондент - басқа банкте және/немесе банктік емес ұйымда шот ашқан банк және/немесе банктік емес ұйым (ностро-шот);

5) резидент емес банк - Қазақстан Республикасынан тыс жерге орналасқан және өзі тұрған жердегі мемлекеттің заңдарына сәйкес банк қызметін жүзеге асыратын банк.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы Ереженің банктер мен банктік емес ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі - Ұлттық Банк) белгіленген корреспонденттік қатынастарына қатысы жоқ.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен.

4. Осы Ереженің банктер мен банктік емес ұйымдардың резидент емес банктермен белгіленген корреспонденттік қатынастарына қатысы жоқ.

Банктер мен банктік емес ұйымдардың резидент емес банктермен корреспонденттік қатынастары олардың арасындағы тиісті шарттармен және банк тәжірибесінде қолданылатын іскерлік айналымының рәсімдерімен реттеліп отырады.

5. Егер «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Банктер туралы заң) өзгеше белгіленбесе, Ұлттық Банктің банктер мен банктік емес ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашуға және жүргізуге берілген лицензиясы бар банктер мен банктік емес ұйымдар банктер мен банктік емес ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу мен жүргізуді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Банктерге және банктік емес ұйымдарға Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес корреспонденттік есепшоттар ашу және жүргізу лицензиясы беріледі.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен.

7. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен.

## 2. Корреспонденттік шоттарды ашу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Респондент Корреспондент таңдаған кезде Корреспонденттің қаржы жағдайына талдау жасайды және өзінің уәкілетті органының шешімі негізінде корреспонденттік есепшот ашады.

9. Корреспондент Респондентке корреспонденттік есепшотты өздерінің арасында жасалған корреспонденттік есепшот шарты негізінде ашады.

10. Корреспонденттік есепшот шартында мыналар болуға тиіс:

- 1) шарттың мәні;
- 2) Респонденттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) Корреспонденттің қызмет көрсету талаптары және ақы төлеу тәртібі;
- 4) Респонденттің ақшасын жұмсау тәртібі;
- 5) төлем құжаттарын беру тәртібі және ақша төлемі және/немесе аударымы туралы ақпарат алмасу тәсілдері;
- 6) Корреспонденттің Респондентке тоқсан сайын қаржылық есепті, сонымен бірге бухгалтерлік балансты, пайда мен зиян туралы есепті, ақша қаражаты қозғалысы туралы есепті және қажет болған жағдайда қаржылық есептің басқа да нысандарын ұсыну тәртібі, солардың негізінде Респондент кредит пен өтімділік тәуекелдерін бақылау және төмендету мақсатында қаржы жағдайына талдау жасайды;
- 7) корреспонденттік есепшоттар ашуға және жүргізуге берген лицензияны қайтарып алу туралы уақтылы хабарламағаны үшін Корреспонденттің жауапкершілігі;
- 8) шарттың қолданылу мерзімі және оны бұзу тәртібі;
- 9) дауларды шешу тәртібі;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да талаптар.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.06.22 N 99; 2005.12.29 N 177 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан

қараңыз); 2007.06.25 N 64; 2007.07.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі 2-т. қараңыз), 2011.07.01 № 65 (2-тармақты қараңыз), 2012.03.26 № 108 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

11. Респондент корреспонденттік шотты ашу үшін Корреспондентке Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1199 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысында көзделген құжаттарды, сондай-ақ мынадай құжаттарды:

- 1) корреспонденттік шотты ашу жөніндегі өтінішті;
- 2) банктер үшін - банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияның нотариат куәландырған көшірмесін;
- 3) кредиттік серіктестіктерді қоспағанда, банктік емес ұйымдар үшін - аударым операцияларын жүргізуге берілген лицензияның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.

Егер «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында тікелей белгіленген болса, Респондент Корреспондентке қосымша құжаттар ұсынады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11-1. Респондент корреспонденттік шотты ашқаннан кейін бес жұмыс күні өткеннен кейін Ұлттық Банкке 1-қосымшаға сәйкес хабарлама ұсынады

**Ескерту: 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 21 қаулысымен.**

### **3. Корреспонденттік шоттарды жүргізуге қойылатын жалпы талаптар**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Корреспондент Респонденттің корреспонденттік есепшоты бойынша банк операцияларын корреспонденттік шот шартына, сондай-ақ Корреспонденттің уәкілетті органы бекіткен корреспонденттік есепшоттар ашу және жүргізу

туралы ішкі ережелерге сәйкес жүзеге асырады. Корреспонденттік есепшоттар ашу және жүргізу туралы ішкі ережелерде мыналар болуға тиіс:

1) Респонденттің корреспонденттік есепшоты бойынша ақша төлемдерін және/немесе аударымдарын жүзеге асыру тәртібі;

2) Респонденттің корреспонденттік есепшоты бойынша ақша төлемдерін және/немесе аударымдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын төлем құжаттарының түрлері;

3) төлем құжаттарын электронды тәсілмен жіберген кезде электронды хабарлау форматтары;

4) Респондентке оның корреспонденттік есепшоты бойынша көшірмелер және Корреспонденттің банктік қызмет көрсету және Респонденттің корреспонденттік есепшоты бойынша ақша төлемдерін және/немесе аударымдарын жүзеге асыру жөніндегі өз міндеттемелерін уақтылы орындауына бақылау жасаудың басқа да нысандарын ұсыну тәртібі;

5) Респонденттің корреспонденттік есепшотындағы ақша қалдығына сыйақы есептеу тәртібі (егер мұндай есептеу жүргізілетін болса);

6) Респонденттің корреспонденттік есепшотына қызмет көрсеткені үшін комиссия алу тәртібі;

7) Корреспонденттің қалауы бойынша басқа да талаптар.

**Ескерту: 13-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 21 қаулысымен.**

14. Төлем құжаттарын ресімдеу түрлері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленеді.

15. Корреспондент операциялық күн аяқталғаннан кейін Респонденттің корреспонденттік есепшоты бойынша ақша қозғалысы туралы көшірме жасайды және олардың арасында жасалған шартта белгіленген тәртіппен, тәсілдермен және мерзімде оны Респондентке береді.

16. Респондент Корреспонденттен алынатын көшірмелер бойынша жасалған төлемдер сомасының, бенефициар деректемелерінің және ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының жүргізілу мерзімінің дұрыс көрсетілуіне бақылау жасайды.

17. Корреспондент тарапынан да, Респондент тарапынан да корреспонденттік есепшот бойынша операцияларды тексеру нәтижесінде анықталған алшақтықтардың бәрі олардың арасында жасалған шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеледі.

17-1. Банкті консервациялау режимін белгілеу кезінде банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) консервациялау режимі енгізілген күннен бастап келесі операция күнінен кешіктірмей осы



банктің басқа банктерде ашылған барлық корреспонденттік шоттарынан осы банктің Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотына ақша аудару туралы бұйрық/өкім шығарады. Банктің Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотын жүргізу тәртібі консервациялау режимі кезінде Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту: 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 177 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).**

#### **4. Корреспонденттік шоттарды жабу тәртібі**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Корреспонденттік есепшот:

- 1) егер заңдарда немесе шартта басқаша көзделмесе, Респонденттің өтініші б о й ы н ш а ;
- 2) корреспонденттік есепшот шартының қолданылуы тоқтатылған кезде;
- 3) Корреспонденттен корреспонденттік есепшот ашуға және жүргізуге берген лицензиясын қайтарып алған кезде;
- 4) егер Респондент банк болса, одан банк операцияларын жүргізуге берген лицензиясын қайтарып алған кезде;
- 5) егер Респондент банктік емес ұйым болса, одан аударым операцияларын жүргізуге берген лицензиясын қайтарып алған кезде;
- б) заңдарда және/немесе корреспонденттік есепшот шартында көзделген басқа да жағдайларда жабылады.

**Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен.**

19. Корреспондент таратылған жағдайда Респонденттің Корреспондентке қоятын талаптары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қ а н а ғ а т т а н д ы р ы л а д ы .

20. Корреспонденттен немесе Респонденттен корреспонденттік шоттар ашуға және жүргізуге байланысты операцияларды жүзеге асыруға лицензия қайтарып алынған немесе Респондент корреспонденттік шотты жапқан жағдайда, өздерінің арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес Корреспондент Респондент көрсеткен шотқа ақша аударуды жүзеге асырады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

20-1. Респондент корреспонденттік шот жабылғаннан кейін бес жұмыс күні өткен соң осы шоттың жабылған күнін көрсете отырып, Ұлттық Банкке хат жібереді.

Ескерту: 20-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен.

## **5. Банктердің және банктік емес ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша төлемдер лимитін есептеу тәртібі**

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Банк және/немесе банктік емес ұйым осы Ереженің 22-тармағында көзделген операцияларды қоспағанда, банктің немесе банктік емес ұйымның және олардың клиенттерінің операциялары бойынша корреспонденттік шоттар арқылы Ұлттық Банк белгілеген лимиттен аспайтын көлемде ақша төлемдері мен аударымдарын ағымдағы айда жүзеге асырады.

Банк және/немесе банктік емес ұйым үшін белгіленген лимит «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Орталық) төлем жүйелері арқылы өткен айда жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз жіберілген төлемнің жалпы көлемінің пайыздық арақатынасымен есептеледі. Орталықтың төлем жүйелері арқылы жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз шығыс төлемдерінің жалпы көлеміне банкаралық ақша аудару жүйесі арқылы жүзеге асырылған шығыс төлемдерінің көлемі және банкаралық клиринг жүйесіндегі клиринг нәтижелері бойынша дебеттік таза позиция сомасы шегеріле отырып, банкаралық клиринг жүйесі арқылы жүзеге асырылған шығыс төлемдерінің көлемі кіреді.

Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен, 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 177 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 28.01.2016 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21-1. Лимитті орындау жөніндегі талап банкаралық ақша аудару жүйесінің және/немесе банкаралық клиринг жүйесінің қатысушылары болып табылмайтын банктік емес ұйымдарға қолданылмайды.

Ескерту: 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының



2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Лимиттің шығысына операциялардың мынадай түрлері бойынша ақша төлемдері мен аударымдарының көлемі кірмейді:

1) банкаралық ақша аудару жүйесі немесе банкаралық клиринг жүйесі арқылы корреспонденттік шоттарға (корреспонденттік шоттардан) ақша аудару;

2) бір банкте немесе банктік емес ұйымда «лоро» және «ностро» корреспонденттік шоттары жөніндегі өзара талаптардың есебі бойынша операциялар;

3) банктер және банктік емес ұйымдар орталық депозитарийде ашылған корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асыратын биржалық мәмілелер бойынша операциялар;

4) бас банктің және Банктер туралы заңға сәйкес оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банктің банк шоттары арасында, сондай-ақ қосылатын банк пен Банктер туралы заңға сәйкес қосылу жүзеге асырылатын банктің банк шоттары арасында жүзеге асырылатын ақша аудару.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

23. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.09.27 № 78 (2011.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

23-1. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.09.27 № 78 (2011.04.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

24. Ұлттық Банк белгілеген төлемдер көлемінің лимитінен асып кеткен банк және/немесе банктік емес ұйым Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

## **6-тарау. Қорытынды ережелер**

Ескерту. 6-тарау алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

*Төраға*

Банктердің арасында, сондай-ақ  
Қазақстан Республикасының  
екінші деңгейдегі банктері мен

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесіне

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.01.2003 N 21 қаулысымен, 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен.

**Корреспонденттік шот ашу туралы хабарлама**

Банктің және/немесе банктік емес ұйымның (Респонденттің) атауы

---

Банк контрагентінің және/немесе банктік емес ұйымның  
(Корреспонденттің) атауы

---

**Есеп айырысу тәртібі**

1. Ақша төлемдері мен аударымдарын жүргізу:  
\_\_ Н о с Т р о - ш о т қ а

\_\_ Л о р о - ш о т қ а

ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

2 . Ш о т :

\_\_ клиент төлемдерін жасау

\_\_ банктік басқа ақша төлемдері мен аударымдары жасау

\_\_ карточкалар бойынша есеп айырысу

\_\_ Банктің қолма-қол ақшамен операциялары (ақша есептеу/алу)

\_\_ басқа ақша төлемдері мен аударымдары үшін (нұсқасы көрсетілсін) \_\_\_\_\_ ашылды.

3. Операциялық күн соңындағы қалдық:

\_\_ н ө л г е т е ң

\_\_ қалдықтың төмендетілмейтін деңгейі шартта көзделген

\_\_ қалдықтың шарттың талаптарына қатысты емес, өзгермелі деңгейі

Корреспонденттік шот ашылған күн 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і )

Қ О Л Ы

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

( а т ы - ж ө н і )

Қ О Л Ы

Банктердің арасында, сондай-ақ  
Қазақстан Республикасының

екінші деңгейдегі банктері мен  
банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының  
арасында корреспонденттік қатынастар  
орнату ережесіне

2-қосымша

Ескерту: 2-қосымшамен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 21 қаулысымен, 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен, 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 177 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Банктің немесе банктік емес ұйымның банктік бірегейлендіру коды (бұдан әрі - ББК) \_\_\_\_\_

Банктің немесе банктік емес ұйымның атауы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ аралығындағы  
жыл күні айы жыл күні айы

**корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырылатын  
басқа ақша төлемдері мен аударымдарының саны және  
көлемі туралы мәлімет**

Банктің немесе банктік емес ұйымның ББК	Контр. агент. тің ББК	Күні	Шотты белгілеу (ностро/Лоро)		Ақша төлем. дердің және/немесе аударымдарының көлемі (теңге. мен).		Ақша төлем. дердің және/немесе аударымдарының саны (бірліктермен)	
			Ақша төлемі және/немесе аударымы алынған шот	Ақша төлемі және/немесе аударымы жіберілген шот	Алынған. дары	Жіберілген. дері	Алынған. дары	Жіберілген. дері
1	2	2-1	3	4	5	6	7	8

Басшы \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Орындаушы \_\_\_\_\_ (аты-жөні) телефоны \_\_\_\_\_

**Корреспонденттік шоттар арқылы жүзуге асырылған ақша төлемдерінің және аударымдарының саны және көлемі туралы мәліметтерді толтыру жөніндегі ереже**

Ескерту: Ережеге өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен, 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 177 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдерінің және аударымдарының саны және көлемі туралы мәліметтер мынадай ақпарат кіретін

8                                 б а ғ а н н а н                                 т ұ р а д ы :

1-баған - Банктің немесе банктік емес ұйымның ББК. Мәліметтер берген банктің немесе банктік емес ұйымның банктік бірегейлендіру коды;

2-баған - Контрагенттің ББК-ы. Мәліметтер берген банктің немесе банктік емес ұйымның контрагентінің банктік бірегейлендіру коды;

2-1-баған - күні. "Күні айы жылы" форматында операция күнінің күні қ о й ы л а д ы .

3-баған - ақша төлемі және аударымы алынған шот. Есеп берген банк немесе банктік емес ұйым ақша төлемдері және аударымдары алған корреспонденттік шоттың белгісі қойылады. "Ностро" немесе "лоро" белгілері қойылады;

4-баған - ақша төлемі және аударымы жіберілген шот. Есеп берген банк немесе банктік емес ұйым ақша төлемдері және аударымдарды жіберген корреспонденттік шоттың белгісі қойылады. "Ностро" немесе "лоро" белгілері қ о й ы л а д ы ;

5-баған - алынған ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының көлемі (теңгемен). Корреспонденттік шот арқылы алынған ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының сомасы қойылады. Корреспондент осы бағанға сондай-ақ Респонденттің корреспонденттік шотқа есептеген/корреспонденттік шоттан алған қолма-қол ақшасының сомасын қояды;

6-баған - жіберілген ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының көлемі (теңгемен). Корреспонденттік шот арқылы жіберілген ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының сомасы қойылады. Респонденттің өзі осы бағанға сондай-ақ корреспонденттік шотқа есептеген/корреспонденттік шоттан алған қолма-қол ақшасының сомасын қояды;

7-баған - алынған ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының саны (бірліктермен). Корреспонденттік шот арқылы алынған ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының саны қойылады. Корреспондент осы бағанға сондай-ақ Респонденттің корреспонденттік шотқа есептеген/корреспонденттік шоттан алған ақша аударымдарының санын қояды;

8-баған - жіберілген ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының саны (бірліктермен). Корреспонденттік шот арқылы жіберілген ақша төлемдерінің және /немесе аударымдарының саны қойылады. Респонденттің өзі осы бағанға сондай-ақ корреспонденттік шотқа есептеген/корреспонденттік шоттан алған ақша аударымдарының санын қояды.

Банктердің арасында, сондай-ақ  
Қазақстан Республикасының  
екінші деңгейдегі банктері мен  
банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының  
арасында корреспонденттік қатынастар  
орнату ережесіне  
3-қосымша

Ескерту: 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2003 жылғы 31 қаңтардағы N 21 қаулысымен.

Ескерту: 3-қосымша алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2004 жылғы 22 маусымдағы N 99 қаулысымен.

Банктердің арасында,  
сондай-ақ банктер мен банк  
операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарының арасында  
корреспонденттік қатынастар

орнату ережесіне 4-қосымша

Ескерту: 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 177 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін  
2-тармақтан қараңыз).

Банктің немесе банктік емес ұйымның банктік бірегейлендіру коды  
(бұдан әрі - ББК) \_\_\_\_\_

Банктің немесе банктік емес ұйымның атауы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ аралығында  
жыл күні айы жыл күні айы

**Корреспонденттерде ашылған корреспонденттік  
шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер**

Күні	Банктің немесе банктік емес ұйымның (Респонденттің) ББК	Корреспондент- тің ББК	Корреспонденттік шоттағы ақша қалдығының сомасы (теңгемен)
1	2	3	4

Басшы \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Орындаушы \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

телефоны \_\_\_\_\_

## **Корреспонденттерде ашылған корреспонденттік шоттардағы ақша қалдықтары бойынша мәліметтерді толтыру жөніндегі ереже**

Корреспонденттерде ашылған корреспонденттік шоттардағы ақша қалдықтары бойынша мәліметтер мынадай ақпарат енгізілетін 4-бағаннан тұрады :

1-баған - күні. "Күні айы жылы" форматында операция күнінің күні қ о й ы л а д ы .

2-баған - Банктің немесе банктік емес ұйымның (Респонденттің) ББК. Мәліметтер берген банктің немесе банктік емес ұйымның (респонденттің) бірегейлендіру коды қ о й ы л а д ы ;

3-баған - Корреспонденттің ББК. Мәліметтер берген корреспондент банктің немесе банктік емес ұйымның бірегейлендіру коды қойылады;

4-баған - корреспонденттік шоттағы ақша қалдығының сомасы (теңгемен). Операция күнінің аяғында Корреспондентте ашылған корреспонденттік шоттағы ақша қалдығының сомасы қойылады.